

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Виртуалды кітап көрмесі

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылып жатыр.

Бұл жобаның мақсаты:

- ❖Тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау.
- ❖Келешекте гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі ең үздік 100 оқулық қазақ тіліне аударылып, жас білімпаздардың дүние жүзіндегі таңдаулы кітаптарды өз ана тілінде оқуына мүмкіндік беру. 2018 оқу жылынан бастап қазақ тіліне аударылған 18 кітаптар студенттердің қолына тиді.
- ❖Осы тапсырмалар негізінде мемлекеттік емес «Ұлттық бюро» құрылып, 2017 жылы-ақ жұмысқа қызу кірісіп кеткен еді. Соның нәтижесінде қазірде 11 бағыт бойынша 19 кітап аударылды.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

«Қазіргі психология тарихы»

Шульц, Д.П. Қазіргі психология тарихы: [оқулық] / Д.П. Шульц, С.Э. Шульц.- 11-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 448 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)



Қазіргі психология тарихы» кітабының 11-басылымы – осы пән бойынша ана тілімізге аударылған бірлі-екілі жұмыстың бірі болып саналады. Психология пән ретінде қалыптасуынан бері, мұндағы сан түрлі ағымдар мен көзқарастарды ғалымдардың өз өмірі мен айтылған сыни пікірлері арқылы баяндалатын кітап осы ғасырдағы жаңа құбылыстарды да қамтып отыр. Осы саладағы айтулы тұлғалардың «Өзі оқыған дәрістен» айдарымен берілген түпнұсқалық дәрістердің оқырманға берері көп. Ізденушілер бұл оқулықтан бұрын-соңды басылым көрмеген Фрейдтің хаттары, XVII ғасырдағы механикалық мүсіндер мен қазіргі роботтар арасындағы байланыс, II дүниежүзілік соғыс жалынының Америкалық психологияның дамуына әсері, Алессандро Вольтоның «ғажап» зерттеуі секілді көптеген қызық дүниелермен танысатын болады




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

«Әлеуметтік психология»

Майерс, Д. Әлеуметтік психология: [оқулық] / Д. Майерс, Ж. Туенж.- 12-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 648 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

Дэвид Майерс пен Жан Туендж. «Әлеуметтік психология» кітабының 12-басылымы осы пәннің басты бағыттарын қамтитын дүние. Мұнда қарапайым тірлікте кезігетін әлеуметтік құбылыстарды психологиялық түрде талдап кетеді. Мәселен, жеке тұлға, белгілі топтың ішіндегі қарым-қатынас, тұлғаның сан алуан әлеуметтік жағдаяттардағы атқаратын рөлі, негізгі қызметі, даму бағыты секілді құбылыстарды психологиялық заңдылықтармен сабақтастырып, қазіргі зерттеулермен, тәжірибелік түрлі мысалдармен көрсетіп кетеді. Кітап әлеуметтік психология бойынша білім қуған студенттер мен дәріс беретін оқытушыларға, осы пәнді арнайы бөліп оқытатын университеттер мен жалпы ғылымға қызығатын көпшілікке арналған.



SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

«Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе»

Аронсон, Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон.- 11-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 408 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).



Білгілі ғалым Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» деген қазақша атау алды. Мұнда автор әлеуметтік психологияның жаңа, бұрын-соңды толық ашылмаған қырларын талдап, таразылайды. Десе де, мамандардың психологиядағы соны ілімі деп санайтынына қарамай, алғаш Аристотель өз заманында бұл жайында айтып кеткен екен. Эллиот Аронсон екі ғасыр бұрын Триплет жазып, содан соң өткен ғасырдың 30-жылдарында Левин дамытқан әлеуметтік психологияның кеңістігін одан әрі кеңейте түседі. Кітапта автор адамның сыртқы факторларға мойынсұнуы, әртүрлі жағдаяттарға берілуі, өзін-өзі ақтауы, түрлі сенімге еруі, жақсы көруі, ашулануы, дегбірі қашуы, үгіт-насихаттың соңында кетуі секілді көптеген факторларға мысал арқылы тоқталып кетеді. Нақты дәйектермен Аронсон әлеуметтік психологияның ғылыми сала етіп қалыптасуына өзіндік үлесін қоса кеткен. Жоғары оқу орындарының студенттерімен қоса, көпшілік қауым да оқуға болатын кітап жеке тұлғаның психологиясындағы әртүрлі қырларын зерделеуге мүмкіндік береді.

100
ЭКЗ.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Антропология тарихы мен теориясы

Барнард, А. Антропология тарихы мен теориясы: [оқулық] / А. Барнард.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 240 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

Кез келген пәнді жете түсіну үшін оның тарихын білудің маңызы зор. Алан Барнард антропология пәнінің қалыптасуындағы көзқарастардың даму тарихын зерттеп, теориялар мен мектептердің шығу тегін талдап, түрлі идеялар төңірегіндегі пікірталасты сараптап, жүйелеген. Бұл оқулық – сол жұмыстың нәтижесі.

Кітап мазмұны антропология ғылымының қалыптасу тарихын, ондағы эволюция теориясы туралы тұжырымдарды, диффузионистік және тарихи-мәдени аймақтар теорияларын, функционализм және құрылымды-функционализм, әрекетке негізделген теорияларды, процессуалдық және маркстік көзқарастағы зерттеулерді, релятивизм, структурализм мен постструктурализмнің түрлі салаларын және енді ғана қалыптасып жатқан интерпретациялық және постмодернистік көзқарастарға қатысты тақырыптарды кеңінен қамтыған.

Бұл оқулық антропология тарихы мен теориясын меңгеруге ден қойған студенттер мен жас мамандарға арналған.



ЖУУЕРЫНУЕТ
ИСТОРИЯ И ТЕОРИЯ АНТРОПОЛОГИИ
HISTORY AND THEORY IN ANTHROPOLOGY


SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны

Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны: [оқулық] / К. Армстронг.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 432 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

100
ЭКЗ.



Санамыздағы бір Құдайға деген сенім қайдан келіп орнықты? Адамзаттың Жаратушы туралы түсінігі қалай өзгеріп отырды? Жаратушыны әлемдік үш ұлы дін – яхудилік, христиандық пен ислам – қандай сипаттарымен таныды? Бұл үш дін бір-біріне қалай ықпал етті? Автор осы сауалдарға жауап іздеп, тамаша ғылыми зерттеу жасаған: бір кітаптың шеңберінде монотеизмнің тұтас тарихын қамтыған – Ыбырайымнан біздің заманымызға, антикалық философиядан ортағасырдағы мистицизмге, Қайта өрлеу мен реформашылық дәуірдегі рухани ізденістерден қазіргі заманғы скептицизмге дейінгі Жаратушының тану тарихын баян еткен. Яхудилік, христиандық пен исламның өрісі аясында адамзат ақыл-ойының Жаратушы туралы ұғым-түсінігінің даму кезеңдерін көрсеткен. Карен Армстронг – ағылшын ғалымы.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI


SEMEI

Әлеуметтану негіздері

Бринкерхоф, Д. Әлеуметтану негіздері: [оқулық] / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега.- 9-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 463 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)



«Әлеуметтану негіздері» оқулығы қоғам және оның құрылымы, қоғамдағы түрлі әрекеттер мен мінез-құлықтар туралы, адамның рухани және материалдық мәдениеті мен құндылықтары жөнінде кең мағлұмат береді. Оқу құралы әлеуметтанудың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістері мен теорияларын саралап, әлеуметтанушы мамандардың оқу орнындағы, үкіметтегі, бизнестегі, коммерциялық емес ұйымдардағы және қоғамдағы рөлін көрсетеді. Мәдениет және оған қатысты теориялық көзқарастар, оның әралуандығы мен жаһандануға байланысты тақырыптар қамтылып, қоғамдағы институттар туралы толыққанды ақпарат беріледі, қоғам құрылысы, топтар, желілер, ұйымдар және олардың қызметтері талданады. Оқулық әлеуметтануға қызығатын ортаға, студенттер мен магистранттарға арналған.




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Менеджмент



Гриффин, Р. Менеджмент: [оқулық] / Р. Гриффин.- 12-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 768 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).



Рикки Гриффиннің «Менеджмент» оқулығы алғаш рет 1984 жылы жарық көрген. Содан бері ол ондаған тілге аударылып, екі миллион данамен таралды. Қолыңыздағы оқулықтың казак тіліндегі алғашқы басылымы ағылшын тіліндегі он екінші басылым негізінде дайындалды. Кітап менеджмент саласында қалыптасқан дәстүрлі түсініктермен қатар, жаңа ұғымдар мен тұжырымдарды да қамтиды.

Менеджер жұмысына тікелей және жанама әсер ететін этикалық бақылау, қоғамдық жауапкершілік, менеджмент саласының жаһандық сипаты, цифрлық технологиялар, теория мен тәжірибенің ұштасуы сынды категориялардың әрқайсысы нақты кейстер негізінде түсіндіріледі.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға, кәсіп бастаушы бизнесмендерге, кәсіпорын басшыларына, менеджмент жөніндегі білімін арттырғысы келетін оқырманға арналған және қазақ тіліндегі МВА курсының негізгі оқулықтарының бірі ретінде ұсынылады.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін



Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: [оқулық] / Д. Джонстон.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 216 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» атты бұл еңбегіне философиялық ойдың даму тарихына айрықша үлес қосқан танымал 15 ойшылдың шығармашылығы топтастырылған. Автор Батыс дәстүріндегі көрнекті философтардың негізгі еңбектері мен теорияларын оқырмандарға кезең-кезеңмен таныстыруды көздейді. Кітап тарауларында философтардың өмір сүрген дәуіріне шолу жасалып, сөз болатын шығармалардың негізгі идеяларын талдауға басымдық берілген. Сондай-ақ, жинақта философтардың өмір деректері мен басты еңбектерінің тізімі, сол дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғалар, философиялық, әдеби және көркем туындылар да қамтылған. Әр шығармаға арналып оның түйінді идеясын білдіретін ықшам анықтама дайындалған. Тақырыптар хронологиялық ретпен баяндалса да, материал кез келген тараудан бастап түсініп оқи беруге лайықталып, әрқайсысы жеке бітіммен құрастырылған.




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-т. Антика философиясы



Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-т. Антика философиясы: [оқулық] / Э. Кенни.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 408 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)



Ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның тууы және өркендеуі, ойлау мен пайымдаудың өрісі жөніндегі бұл тамаша тарихи баян Батыстағы ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына арналған. Сэр Энтони Кеннидің бұл кітабындағы әңгіме өзегі Пифагор мен Фалестен басталып, философия алауын христиан ғасырына табыстаған қасиетті Аугустинмен аяқталады. Тарихи баянның тақырыптық арқауы философияда туындаған сауалдарды келесі екі мыңжылдыққа мұра етіп кеткен және әр кезеңдегідей дәл бүгін де ықпалы бәсеңсімеген екі үлкен тұлға – Платон мен Аристотельге негізделген. Бұл – Батыс өркениетінің түп-тамырын түсінгісі келетін орта үшін философия тарихына арналған төрт бөліктен тұратын топтаманың бірінші томы.


SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-т. Орта ғасыр философиясы

Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-т. Орта ғасыр философиясы: [оқулық] / Э. Кенни.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 400 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

100



Сэр Энтони Кенни Батыс философиясының жаңа тарихы жөніндегі еңбегін б.д.д. 400 жылдан, яғни христиандық және исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау арқылы жалғастырады. Орта ғасыр – философияның гүлдену кезеңі. Ақыл-ойдың кемелденуі XIII және XIV ғасырда Акуинолық Томас пен Джон Дунс Скот сынды тұлғалардың арқасында шарықтау шегіне жетті. Көпшілік оқырманға арналғанымен, Кеннидің ұлы философтардың ойларын терең талдайтын әңгімелері, ең алдымен, Батыс философиясына ден қойып жүрген студенттерге қызық болмақ. Энтони Кенни Британ академиясының президенті және Оксфорд университетінің вице-канцлері болған. Ол ақыл-ой философиясы, дін философиясы және философия тарихы жөніндегі көптеген танымал кітаптардың авторы, сондай-ақ Аристотель, Акуинолық Томас, Декарт және Витгенштейннің өмірбаяндарына арналған ғылыми-көпшілік еңбектер жазған.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI


.Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика:

99
ЭКЗ.

Куратко, Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика: [оқулық] / Д.Ф. Куратко.- 10-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 480 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

Бұл кітап ХХІ ғасырдағы экономикалық, қоғамдық және әлеуметтік дамудың басты қозғаушы күші болып саналатын кәсіпкерлік құбылысты теориялық және практикалық тұрғыдан зерделеуге арналған. Кәсіпкерлікті жете түсіндіру үшін оның негізгі кезеңдерін сипаттайтын бастау, жоспарлау, қалыптасу және даму сатылары жүйелі әрі дәйекті түрде талданған. Кәсіпкерлік идеяны нарыққа шығаруға қажет ойлау жүйесі мен инновацияның рөлі кеңінен ашып көрсетілген.

Кітаптың мақсаты – оқырманды кәсіпкерліктің үздік тәжірибелерімен таныстырып, тәжірибелік және эксперименттік оқыту әдістері арқылы кәсіпкерлікке қажет дағдыларды сіңіру. Кітап бизнесі бар кәсіпкерлер мен болашақта кәсіпкер болғысы келетін жастарға, жоғары және кәсіби оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, кәсіпкерлікті зерттеп жүрген қауымдастыққа, осы салаға қызығушылығы бар қалың оқырманға арналған. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі МВА курсының оқулығы ретінде ұсынылады.




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Экономика

Мэнкью, Грегори Н. Экономика : [оқулық] / Грегори Н. Мэнкью, Марк П. Тейлор.- 4-халықаралық басылым.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 848 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)

96
ЭКЗ.



Бұл кітап – Мэнкьюдің классикалық еңбегінің бейімделген нұсқасы. Оқулықтың басты артықшылығы – автордың экономиканы оқырман көзқарасымен көрсететінінде. Зерттеулерде анықталғанындай, бұл оқулық қолдануға өте ыңғайлы және бизнеске бағдар бола алады. Нақтылықпен жазылған мәтін саясат пен экономика теориясын еркін түсіндіреді.

4-басылым толықтай жаңартылды. Кейбір идеяларды, мысалы, Марксизм мен Феминизм теорияларын кеңінен түсіндіру үшін жаңа тақырыптар қосылды. Қаржы нарығы туралы жаңа бөлім қаржы дағдарысы мен оның себептері тақырыбын қамтиды. Ал соңғы бөлім дағдарыстан кейінгі әлем және жаңа теориялардың пайда болуына қатысты сауалдарға жауап береді

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Әлеуметтану теориясы

96
ЭКЗ.

Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: [оқулық] / Д. Ритцер, Д. Степницки.- 10-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 856 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

Әлеуметтану ғылымының даму ерекшеліктері тарихи тұрғыдан баяндалатын бұл кітапта авторлар әлеуметтану ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және қазіргі көзқарастармен ұштастырған. Кітаптың бірінші бөлімінде ежелгі дәуірдегі әлеуметтік ой мен сол кезең өкілдерінің көзқарастары, әлеуметтану ғылымының негізін салған ойшылдардың өмірбаяны мен басты идеялары, екінші бөлімінде қазіргі әлеуметтану теориясының негізгі мектептері туралы сөз болады. Құрылымдық функционализм, структурализм, неомарксизм, символикалық интеракционизм, этнометодология, айырбас, желілік, рационалды таңдау, қазіргі феминистік, микро-, макроинтеграциялық және басқа да теориялар әлеуметтану ғылымының көппарадигмалық мазмұнын жан-жақты көрсетеді. Ал қорытынды бөлімде модерннен постмодернге дейінгі және одан кейінгі модерннің заманауи теориялары - нәсілшілдік пен отаршылдық, жаһандану, структурализм, постструктурализм, постмодерндік теориялар, яғни ХХІ ғасыр теорияларының даму үрдістері кеңінен сипатталады.

Оқулық әлеуметтану саласын зерттеуші мамандар мен оқытушыларға, әлеуметтану пәні арнайы оқытылатын жоғары оқу орнының студенттеріне, сондай-ақ осы ғылымға қызығушылық танытқан оқырманға арналған.




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Тіл және мәдениетаралық коммуникация

Тер-Минасова, С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация: [оқулық] / С.Г. Тер-Минасова.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 317 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)

100
экз.



Бүгінгі техника мен байланыс құралдарының дамуымен жеке адамдар арасындағы, ұлтаралық, мәдениетаралық байланыс еш кедергісіз, саяси немесе экономикалық шектеуді елемей, табиғи жолмен еркін өріс алуда. Сондықтан өзге жұрттың тілі мен мәдениетін игеру, онымен етене араласа білудің маңызы бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтеріліп отыр. Мәдениетаралық коммуникация – бүгінде кезкелген салада қызмет ететін маманға, әр адамға қажетті жаңа пән. Қазақ тілінде алғаш басылып отырған бұл оқулық түрлі ұлт, мәдениет өкілдерінің өзара ұғынысып, ортақ тіл табысуы үшін не маңызды екенін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Кітап тілшілерге, дипломаттарға, әлеуметтанушыларға, психологтар және мәдениеттанушыларға, сондай-ақ, қызметі мен күнделікті өмірде ұлтаралық және мәдениетаралық коммуникация мәселелерімен бетпе-бет келетін көпшілікке арналады.

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI


SEMEI

Тіл біліміне кіріспе



Фромкин, В. Тіл біліміне кіріспе: [оқулық] / В. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс.- 10-бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 608 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)

Атауы айтып тұрғандай «Тіл біліміне кіріспе» деп аталатын бұл кітап келешек филолог мамандарға, шет тілі филологиясында оқытындарға, жалпы оқырман қауымға лингвистика ғылымы жөнінде алғашқы мағлұмат беруді көздейді. 12 тараудан тұратын кітапта тіл ғылымы, фонетика, грамматика, морфология мен синтаксис мәселелері баяндалады. Тілдік өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы сияқты жекелеген мәселелер де қамтылған. Бұл кітап «Тіл біліміне кіріспенің» оныншы басылымы болғандықтан, онда елеулі толықтырулар мен жаңалықтар бар. Бұл ақпараттың басым көпшілігі студенттерге лингвистика мәселелері жөнінде жүйелі білім алуға, бұқаралық ақпарат құралдарындағы талқылауға қатысуға және оқытушылар мен студенттерге маңызды лингвистикалық зерттеулерден хабардар болуға көмектеседі. Мұнда тіл және тілді пайдалануға қатысты көкейкесті мәселелерге де жауап табылады. Басылымдағы жаттығулар студенттердің материалдарды қаншалықты игергенін тексеруге мүмкіндік береді. Кітап тілші ғалымдарға, ағылшын тілін үйренушілерге, филология факультетінің студенттері мен оқытушыларына және тіл біліміне қызығатын жалпы көпшілікке арналған.



SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Философияның таңдаулы 25 кітабы

100
экз.

Хесс, Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы: [оқулық] / Р. Хесс.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 360 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім.Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)

Белгілі француз ғалымы Реми Хесстің бұл кітабы жас оқырманды Батыстың аса көрнекті ойшылдары және олардың шығармаларымен таныстырады. Осы күрделі міндетті жеңілдету мақсатында, ол Батыс философиясы дамуының елеулі кезеңдерін көрсетеді деген 25 шығарманы іріктеп ұсынған. Бұл шығармалар әлемдік ақыл-ой дамуының белесті кезеңдері мен бай қазынасын танытады.

Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі философия тарихын қамтыған жинақ адамзат ақыл-ойының құнарлы нәрі мен көркем табиғатына енді ден қоя бастаған жас қауымға даналық мәйегін түсінікті де тартымды тілмен баяндайды. Жинақта әр философиялық шығармадағы түйінді идеялар талданып, түсіндірме.



SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Төртінші индустриялық революция:

Шваб, К. Төртінші индустриялық революция: [оқулық] / К. Шваб.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 200 б.- (Рухани жаңғыру) (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

96
ЭКЗ.

Біз бүгін баршамыздың өмірімізді де, жұмысымызды да, күнделікті қарым-қатынасымызды да түбегейлі өзгертетін алапат индустриялық революцияның бастауында тұрмыз. Бұл төртінші революция ауқымы, қарымы мен күрделілігі революция жағынан да осы уақытқа дейінгі адамзат тарихындағы құбылыстардың барлығынан асып түседі. Жасанды интеллектінің, роботтандырудың, робот-автомобильдердің, 3D басып шығарудың, нанотехнологияның, биотехнологияның дамуымен және тағы да толып жатқан ғажайыптардың пайда болуымен барлық салада қарыштап көкке өрлейтін, таңғаларлық технологиялық дүмпуге куә болмақпыз. Бүкіләлемдік экономикалық Давос форумының негізін қалаушы және тұрақты президенті Клаус Шваб осындай алапат өзгерістердің әлеуетін алдын ала болжап, терең байыптап, оны адамзат игілігіне жарату жолдарын қарастыратын еңбек жазған. Демек, бұл кітап адамзаттың ортақ болашағы үшін алаңдайтын және революциялық технологияларды қоғам тіршілігіне икемдеуге ниетті жасампаз ортаға арналған.




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері

Кови, Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері / Стивен Р. Кови; ауд.: Төлеғұл Ғ., Самұрат Ж., Ақжігіт Ө., Әбілда Ш.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 350 б.- (Рухани жаңғыру).



«Жасампаз жандардың 7 дағдысының» тұңғыш басылымы осыдан ширек ғасыр бұрын жарық көрді. Содан бері Стивен Ковидің бұл еңбегі 13 мәрте жанартылып, 40 тілге аударылды. 70-тен аса елде 30 миллион данамен таралған кітап №1 әлемдік бестселтер мәтебесін иеленді. Жақсы өмірдің кілтін іздеген жасөспірімнен бастап, ісін өрге домалатқысы келетін көрнекті кәсіпкерлер мен саясаткерлерге дейін қызыға оқитын кітап миллиондаған адамның өмір сүру әдістемесіне айналды.

Алдыма қойған мақсатқа жетудің жолы қандай? Айналамен қалай қағынас жасаған абзал? Өзім-нің де, өзгенің де ұпайын түгел етегін ұтымды өмірлік ұстаным бата ма? Манызды эрі шугыл шаруаның қайсысына алдымен кезек берген жөн? Қун сайын көлденен келегін жана сынақтарға төтеп беру үшін өзімді қалай жетілдіремін? Әрқайсымызды мазалайтын осы секілді сурақтарға жауап беруге талпынатын кітап көп-ақ. Соның бірі де, бірегейі - төрткүл дүниені түгел мойындапсан «...7 дағды».

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI


SEMEI

Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы

Харари, Ювал Н. Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы/ Ювал Н. Харари; ауд.: Ізімұлы М.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 367 б.



Жүз мың жыл бұрын жер бетінді адамның алты түрі өмір сүрді. Бүгінде солардың бір түрі ғана қалды. Ол - бүгін ғаламшардың иесі Homo sapiens...Ата-бабаларымыздан әлдеқайда күдіретті бола түстік, бірақ бәрібір өзімізді бақыттырақ сезіне алмадық...Адам таяуда құрып бітеді. Біраз уақыт өткен соң жаңа технологиялардың көмегімен ол өзін басқа бірдеңеге айналдыратын шығар...Қызғылықты әрі арандатуға толы... Ауыл шаруашылығы мен ғылым сияқты өткінші нәрселердей, біздің де жер бетіне қас қағым сәтке келіп-кететінімізді ұқтырады. Ендеше, бәрінің өткінші екенін неліктен қалыпты деп қабылдай алмаймыз?



SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

***Назарларыңызға
рахмет!!!***

***Құраст.: Г. С. Майшекина
Ж. Оразкулова***